

Сайлаушылардың электронды мәліметтер банкін қалыптастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру жөніндегі облыстық штаб құру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 16 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 18 маусымда N 1290 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2005 жылғы 27 қазандағы N 27 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2005.10.27 N 27 Шешімімен

Қазақстан Республикасы Президентінің сайлаушылардың тізімін жасаудың автоматтандырылған ақпарат жүйесін ендіру жөніндегі тапсырмасын және " Қазақстан Республикасының сайлаушыларының электронды тізімдерін қалыптастыру, тіркеу және есепке алу жөніндегі министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың қызметтерін үйлестіру жөніндегі Республикалық штаб құру туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2004 жылғы 9 наурыздағы N 1 өкімін жүзеге асыру мақсаттарында

Ш Е Ш І М

қ а б ы л д а й м ы н :

1. Сайлаушылардың электронды мәліметтер банкін қалыптастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру жөніндегі облыстық штаб (ілгеріде - Облыстық штаб) құрылсын, құрамы және 1 және 2 қосымшаларға сәйкес Облыстық штаб туралы Ереже бекітілсін.

2. Петропавл қаласы мен аудандар әкімі бір апталық мерзімде сайлаушылардың электронды мәліметтер банкін қалыптастыру жөніндегі облыстық және аудандық орталықтарда өңірлік штабтар құрылсын, олардың жұмысын сапалы және тиімді ұйымдастырсын.

3. Облыстық штаб қызметін ұйымдық және ақпараттық қамтамасыз ету облыс әкімінің аппаратына және облыстық сайлау комиссиясына, аудандар мен Петропавл қаласы әкімі жанындағы штабтарға жүктелсін.

4. Облыстық штабпен қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының ұйымдық-инспекторлық бөліміне жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 16 шешіміне 1 қосымша "Сайлаушылардың электронды мәліметтер банкін қалыптастыру жөніндегі

жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру жөніндегі облыстық штаб құру туралы"

Сайлаушылардың электронды мәліметтер банкін қалыптастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру жөніндегі облыстық штабтың

құрамы

М ы р з а л и н Мәлік Кеңесбайұлы	облыс әкімінің аппарат басшысы, штаб басшысы
Корабельников Анатолий Андреевич	облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары, штаб басшысының орынбасары
	Штаб мүшелері
Г а л ы г и н Юрий Борисович	Қорғаныс министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Г в о з д ь е в Владимир Гаврилович	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ақпараттандыру және байланыс жөніндегі ҚР Агенттігі басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Д у р д и н Виктор Алексеевич	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ОАК консультант-өкілі (келісім бойынша)
К о в е ц к и й Василий Александрович	облыс әкімінің бас инспекторы
Л и т ф у л л и н Фанис Хатимуллаұлы	Солтүстік Қазақстан облыстық сайлау комиссиясының төрағасы
М а ғ з ұ м о в Азамат Белгібайұлы	денсаулық сақтау департаменті бастығының бірінші орынбасары
Нұрмағамбетов Марат Мағзұмұлы	облыс әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық бөлімінің меңгерушісі
С а ғ д а т Саида Сағдатқызы	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша әділет департаменті бастығының орынбасары м. а. (келісім бойынша)
Т о қ с а н б а е в Ысқақ Батайұлы	Ішкі істер басқармасының орынбасары
У ш а к о в а Надежда Анатольевна	облыстық статистика басқармасы бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Ш э р і п о в Руслан Раульұлы	облыс әкімі аппаратының офистік жабдыктарға қызмет көрсету жөніндегі топтың бас маманы

Облыс әкімінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 16 шешіміне 2 қосымша "Сайлаушылардың электронды мәліметтер банкін қалыптастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру жөніндегі облыстық штаб құру туралы"

Сайлаушылардың электронды мәліметтер банкін қалыптастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру жөніндегі облыстық штабы туралы ЕРЕЖЕ

Осы ереже сайлаушылардың электронды мәліметтер банкін қалыптастыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру жөніндегі облыстық штабтың» (ілгеріде - Облыстық штаб) міндеттерін, функцияларын, құқықтық және ұйымдастыру негіздерін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Облыстық штаб сайлаушылардың» электронды тізімдерінің» нақтылығын және оларды "Избиратель" АИС бағдарламасы режимінде өңдеу мүмкіндіктерін, сайлаушыларды есепке алу жөніндегі барлық деңгейдегі әкім аппараттарының, облыстық және аумақтық атқарушы органдардың, қызметтер мен ведомстволардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара әрекеттерін қамтамасыз ету және үйлестіру.

2. Облыстық штаб облыс әкімі жанындағы үйлестіруші орган болып табылады, штаб өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамаларын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Облыстық штабтың міндеттері

3. Мыналар облыстық штабтың міндеттері болып табылады: барлық деңгейдегі әкім аппараттарының, жалпы облыс, аудан, қала, әр елді мекендер мен сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар жөнінде мәліметтерін алу мүмкіндігін беретін қолданыстағы "Избиратель" АИС бағдарламасы базасында сайлаушылардың» тізімін қалыптастыру жөнінде облыстық және аумақтық атқарушы органдардың, қызметтер мен ведомстволардың», олардың жергілікті жердегі бөлімшелерінің іс-әрекеттерін үйлестіру;

сайлаушыларды есепке алу жөніндегі орталық атқарушы органдардың облыстық және аумақтық бөлімшелерінің өзара тиімді байланыстарын қ а м т а м а с ы з е т у ;

сайлаушылар тізімін жасау және кезеңдеп түзетіп отыру үшін ақпараттар беру бөлігінде сайлау туралы заң талаптарын дер уақытында және сапалы орындау үшін жергілікті атқарушы органдардың жауапкершіліктерін арттыру;

3. Облыстық штабтың құқы

4. Облыстық штаб Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіпте және өзінің құзыреті шеңберінде мыналарға құқылы: облыстық департаменттерін, басқармаларды», комитеттердің, қызметтер мен ведомство басшыларының және өңірлік штаб басшыларының есептерін тыңдауға ;

обләкімдікке, жоғары тұрған атқарушы органдарға халықты, сайлаушыларды тіркеу, есепке алу жөніндегі жұмыстарын одан әрі жетілдіру мәселесі бойынша ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

сайлаушылар тізімін сапалы жасауды, оларды тіркеуді және есепке алуды, облыстық штаб шешімдерін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамалары талаптарын тиісінше орындауды қамтамасыз етпейтін мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшыларына тәртіптік әсер шарасын қабылдау жөнінде ұсыныстар енгізу.

4. Жұмысты ұйымдастыру

5. Облыстық штаб басшысы оның қызметін жоспарлайды және ұйымдастырады, штаб мәжілісінде төрағалық етеді.

6. Облыстық штаб басшысы болмаған жағдайда мәжіліс оның орынбасарының төрағалығымен өткізіледі.

7. Облыстық штабтың кезекті мәжілісінің күн тәртібі штаб мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, басшымен немесе оның орынбасарымен қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

8. Облыстық штабтың кезекті мәжілісіне енгізілетін мәселелерді дайындау үшін дербес құрамын штаб басшысы айқындайтын жұмыс тобы құрылады.

9. Облыстық штаб мәжілісінің мерзімділігі - айына бір реттен кем емес.